

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 870 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 6 қазанда № 14305 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 22 қазандағы № 830 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 22.10.2022 № 830 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттері мен дербес басқармаларының бастықтары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың полиция, көліктегі полиция, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ведомстволық бағынысты мекемелері мен оқу орындарының бастықтары Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке кандидаттарды қабылдау кезінде осы бұйрықты қатаң басшылыққа алсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 14.10.2021 № 632 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін және Қазақстан Республикасы ішкі істер

органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 522 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8778 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 20 қарашадағы № 319 (27593) санында жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында конкурс өткізу және тағылымдамадан өту қағидасы мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 391 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8753 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2014 жылғы 9 қаңтардағы № 4 (28228) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнына және мерзімді баспа басылымдары мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты

М.Ғ. Демеуовке, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

\_\_\_\_\_ Қ. Қожамжаров  
2016 жылғы 17 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 31 тамыздағы  
№ 870 бұйрығына  
1-қосымша

**"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы конкурстық тәртіппен  
ауыстырылатын лауазымдардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 14.10.2021 № 632 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Аға және жоғары басшылық құрам:

- 1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі аппаратының және ведомстволарының;
- 2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың;
- 3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарындағы;
- 4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мақсаттағы бөліністеріндегі;
- 5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің саптық бөліністеріндегі;
- 6) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердегі;

7) Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 14.10.2021 № 632 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: бос орындарға тағайындау үшін конкурс өзіндік қауіпсіздік бөліністерінде, "Р" және ішкі істер органдарының 7 - бөліністерінде өткізілмейді.

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 31 тамыздағы  
№ 870 бұйрығына  
2-қосымша

## Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс пен тағылымдама өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ішкі істер органдарына (бұдан әрі-ПО) қызметке орналасу кезінде конкурс өткізу тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ ПО-ға қызметке қабылданушы кандидаттар үшін тағылымдама (бұдан әрі - тағылымдама) ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуден, медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден табысты өткен, әскери-дәрігерлік комиссия қызметке жарамды деп таныған және конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін ПО кадр қызметіне қажетті құжаттарды тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы конкурсқа қатысушы болып табылады.

3. Конкурс жарияланғанға дейін:

1) білім беру ұйымына оқуға түсетіндерді қоспағанда, ПО-ға қызметке алғашқы рет түсетін азаматтар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге тестілеуден өтеді;

2) ПО-ның кадр қызметтері "Е-қызмет" біріктірілген ақпараттық жүйесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге тестілеуден өту туралы сертификаты болған кезде және мемлекеттік қызмет істері бойынша уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалаудан өткені туралы қорытынды болған кезде осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес азаматтарға қажетті құжаттар тізбесін береді, Заңда белгіленген қойылатын біліктілік талаптарын (бұдан әрі - біліктілік талаптар) түсіндіреді және олардың қызметке жарамдылығын айқындау үшін ПО-ның әскери-дәрігерлік комиссиясында медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өтуге жібереді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Конкурс бірқатар дәйекті кезеңдерді қамтиды:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялау;
- 2) конкурстық комиссия құру;

3) азаматтардан құжаттар қабылдау және олардың лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала қарау;

4) кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруы;

5) конкурстық комиссия кандидаттармен өткізетін әңгімелесуі.

5. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (конкурс өтетін жерге келу және қайту, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру) өздерінің қаражаты есебінен жүргізеді.

6. ПО қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, сондай-ақ конкурс жарияланған лауазым қысқартылған жағдайларда жарияланған конкурс, оны өткізудің кез-келген кезеңінде ПО-ның интернет-ресурсында үш жұмыс күні ішінде міндетті түрде жариялай отырып, тоқтатылуға жатады.

## **2-тарау. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау**

7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) орталық аппаратының ведомстволарында, бөліністерінде конкурс өткізу кезінде интернет-ресурсында ПМ және мемлекеттік істер бойынша уәкілетті органда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдарында хабарландыру жарияланады. ПО-ның аумақтық бөліністерінде конкурс өткізу туралы хабарландыру ПО-ның және мемлекеттік істер бойынша уәкілетті органда аумақтылығы бойынша интернет-ресурстарында жарияланады, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таралатын мерзімді басылымдарда жарияланады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін азаматтарды (қызметкерлерді) жарияланған лауазымдарға тағайындауға (ауыстыруға) конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін жол берілмейді.

9. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) ПО-ның орналасқан жерін, пошталық және электрондық мекенжайын, кадр қызметінің телефондары мен факс нөмірлерін көрсете отырып, оның атауы;

2) негізгі лауазымдық нұсқаулықтарды көрсете отырып, бос лауазымдардың атауы;

2-1) байқауға қатысушы үшін қажетті, осы Қағидалардың 17-тармағындағы көрсетілген құжаттар тізбесі;

2-2) конкурсқа қатысу үшін өтініш, сауалнама, кадр есебі бойынша толтырылған жеке іс парағы және өмірбаян нысаны;

3) біліктілік талаптарға сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі және орны;

5) конкурстық комиссияның отырысында бақылаушылардың қатысу мүмкіндігі туралы ақпарат.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын қайшы келмейтін қосымша ақпараттарды қамтуы мүмкін.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Конкурстық комиссия құру**

10. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылар тапсырған құжаттарды қарайтын алқалы орган болып табылады, қатысушылармен әңгімелесу өткізеді және ПО-дағы бос лауазымдарға орналасуға кандидаттар іріктеуді жүзеге асырады.

11. Конкурс жариялаған ПО бос лауазымға орналасуға кандидаттарды іріктеуді жүзеге асыруға уәкілетті конкурстық комиссияны құрады.

12. Конкурстық комиссия конкурс жариялаған ПО басшысының бұйрығымен құрылады.

13. Конкурстық комиссия бестен кем емес мүшеден, оның ішінде төрағадан тұрады.

Конкурстық комиссияның хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылықпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

Конкурстық комиссияның төрағасы болып ПО басшысының кадр қызметіне жетекшілік ететін орынбасары тағайындалады.

14. Конкурстық комиссия құрамына кадр және заң қызметтерінің, өзіндік қауіпсіздік бөліністерінің және конкурс өткізетін ПО құрылымдық бөліністерінің, сондай-ақ оларға орналасуға конкурс өткізілетін бос лауазымдары бар аумақтық органдарының басшылары енгізіледі.

15. Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

### **4-тарау. Азаматтардан құжаттар қабылдау және олардың лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала қарау**

16. Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

17. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін ПО-ның кадр қызметіне қолма-қол тәртіпте құжаттарды қабылдаудың белгіленген

мерзімдерінде қоса берілетін құжаттар тізбесін көрсете отырып, құжаттар тігетін мұқабатыста орналастырылған мынадай құжаттарды:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнаманы;
- 3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 1000 бұйрығымен бекітілген ПО-ға қызметке (оқуға) қабылданатын кандидаттарды іріктеу және алдын ала зерделеуді жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12555 болып тіркелген) (бұдан әрі – Іріктеу қағидалары) сәйкес нысан бойынша кадр есебі бойынша толтырылған жеке іс парағын;
- 4) Іріктеу қағидаларына сәйкес нысан бойынша өз қолымен жазылған және басылған түрде толық толтырылған өмірбаянды;
- 5) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;
- 6) еңбек қызметін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін (болған кезде);
- 7) әскери билеттің немесе шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін (қолда бар болса);
- 8) кандидаттың соңғы жұмыс (оқу) орнынан немесе әскери қызметін өтеген әскери бөлімнен мінездемені;
- 9) 3x4 см өлшемдегі төрт фотосуретті;
- 10) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 11) Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыстық бұзушылықты жасағаны туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы анықтаманы;
- 12) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 13) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалаудан өткені туралы жарамды қорытындыны (не қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесін);

14) біліміне, жұмыс тәжірибесі мен кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтар беру туралы, спорттық жетістіктерін дәлелдейтін құжаттардың, мінездемелердің, ұсынымдардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқаларының көшірмелерін) (болған кезде) тапсырады.

15) екі данада өзіне және жұбайына кірістер мен мүлкі туралы декларация тапсырғаны туралы анықтамалар.

Құжаттар пакетін толық ұсынбау оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады;

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 12.02.2020 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

18. Кандидаттың құжаттарына кадр қызметі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес нысан бойынша әскери-дәрігерлік комиссия берген медициналық куәландыру туралы анықтаманы қосады.

**Ескерту. 18-тармақ жана редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Құжаттарды кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарау және зерделеу құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

20. Тиісті лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда құжаттарды қарау және зерделеу күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қарау нәтижелері туралы кандидатқа бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады.

21. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруға жіберілген кандидаттардың тізімі жалпыға бірдей көрінетін жерлерде ПО-ның ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ оның интернет-ресурсында құжаттарды қарау күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырылады.

22. Қатысушы конкурстың кез келген кезеңінен өту кезінде оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.



23. Конкурстық іріктеуден өтпеген конкурсқа қатысушылардың, сондай-ақ одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін кадр резервіне тіркелген кандидаттардың құжаттары конкурстық комиссияның хатшысында (кадр қызметінде) бір жыл бойы сақталады.

#### **5-тарау. Кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруы**

**Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың (бұдан әрі – кандидаттар) дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруы дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруға жіберілген кандидаттардың тізімін жариялаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Нормативтерді қабылдауды кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру үшін жауапты ПО бөлінісі жүзеге асырады.

25. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру кезінде кандидаттар:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру даярлығы бойынша ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың "А", "Б" және "С" санаттарына;

осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың медициналық-жас топтарына бөлінеді.

26. "А" және "Б" санаты кандидаттардың дене шынықтыру даярлығының деңгейі олардың мына нормативтерді тапсыруы арқылы айқындалады:

1) Ерлер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру (10 метр 10 рет );

таңдауға – аспаға тартылу не сырыққа таянып тұрып денені көтеру;

таңдауға – 1000 метр қашықтыққа жүгіру не күш жаттығуларының кешені ( жатып тіреніп кеудені жерден көтеру, жатып тірену қалпынан толық отыру қалпына ауысу, арқаға жатып денені көтеру).

2) Әйелдер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру (10 метр 10 рет );

таңдауға – арқаға жатып денені көтеру не жатып тіреніп кеудені жерден көтеру;

таңдауға – 1000 метр қашықтыққа жүгіру не жатып тірену қалпынан секіру.

27. Ауа-райы жағдайына не оқу-материалдық базаның ерекшеліктеріне байланысты ПО-ның уәкілетті басшысының не оны алмастыратын адамның шешімі бойынша нормативтерді:

100 метр қашықтыққа жүгіру сырғымалы жүгіруге;

1000 метр қашықтыққа жүгіру ерлер үшін күш жаттығулары кешеніне, әйелдер үшін жатып тірену қалпынан секіруге ауыстыруға рұқсат беріледі.

27-1. "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың нормативтерді орындауы осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді бағалаудың баллдық жүйесіне сәйкес бағаланады.

27-2. "С" санаты кандидаттарының дене шынықтыру даярлығының деңгейі олардың мына нормативтерді тапсыруы арқылы айқындалады:

1) Ерлер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру;

800 метр қашықтыққа жүгіру;

күш жаттығулары кешені (аспаға тартылу, аяқтардың қалпын ауыстырып отырып жоғары қарай секіру, жатып тіреніп кеудені жерден көтеру, арқаға жатып денені көтеру, жатып тірену қалпынан отыру қалпына ауысу).

2) Әйелдер:

таңдауға – 100 метр қашықтыққа жүгіру не сырғымалы жүгіру;

800 метр қашықтыққа жүгіру;

күш жаттығулары кешені (арқаға жатып денені көтеру, жатып тірену қалпынан отыру қалпына ауысу).

27-3. "С" санаты бойынша кандидаттардың нормативтерді орындауы осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді бағалаудың баллдық жүйесіне сәйкес бағаланады.

27-4. "А", "Б" және "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша жеке бағалары осы Қағидаларға 3-4-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы деңгейін бағалау кестесі бойынша нормативтерді орындаған жағдайда жинаған баллдарды ескере отырып айқындалады.

"А" және "Б" санаты бойынша кандидаттар "0" балл, сондай-ақ "С" санаты бойынша кандидаттар нормативтердің біреуінен 50 баллдан кем алған жағдайда дене шынықтыру даярлығы бойынша "қанағаттанарлықсыз" бағасы қойылады.

27-5. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру барысы техникалық бейнежазу құралдарының көмегімен тіркеледі.

27-6. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырудың нәтижелері:

"А" және "Б" санаты бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "А" және "Б" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру ведомосіне;

"С" санаты бойынша осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес ПО-ға қызметке орналасатын "С" санаты бойынша кандидаттардың дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру ведомосіне енгізіледі.

#### **6-тарау. Конкурстық комиссияның кандидаттармен өткізетін әңгімелесуі**

28. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімі жалпыға бірдей көрінетін жерлерде ПО-ның ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ оның интернет-ресурсында дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсырған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырылады.

29. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімін жариялаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей әңгімелесу өткізіледі.

30. Әңгімелесудің мақсаты қатысушылардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

31. Конкурстық комиссия кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге тестілеу, жеке қасиеттерін бағалау, медициналық және психофизиологиялық куәландыру, оның ішінде полиграфологиялық зерттеу, дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру және ПО-ның тиісті лауазымына біліктілік талаптарының және лауазымдық нұсқаулықтарының сәйкестігі нәтижелеріне сүйенеді.

32. Әрбір қатысушымен әңгімелесу барысы техникалық жазу құралдарының көмегімен тіркеледі.

Конкурстық комиссияның техникалық жазу құралдарын қолдануы туралы конкурстық комиссияның соңғы отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Әңгімелесу барысында техникалық жазу құралдарының көмегімен тіркелген материалдар конкурс аяқталған сәттен бастап кемінде үш ай кадр қызметінде сақталады.

33. Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

34. Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

35. Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін адамдар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр

қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін адам кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

36. Байқаушылар әңгімелесу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурстық комиссияның жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың дербес деректеріне, кандидаттар қатысатын конкурстық рәсімдерге қатысты мәліметтерді жариялауға, олардың техникалық жазба құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

37. Конкурстық комиссияның хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталғанға дейін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушыларға арналған жадынамамен таныстырады.

38. Әңгімелесу кезінде конкурстық комиссиясының төрағасы мен оның мүшелері кандидатқа кемінде 5 сұрақтан, оның ішінде әрбір санат (бейінді, ситуациялық, уәждемелік) бойынша кемінде 1 сұрақтан қояды.

39. Бағалау нәтижелері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кандидатты бағалау парағына енгізіледі.

## **7-тарау. Конкурстық комиссияның шешімі**

40. Конкурстық комиссияның шешімі қатысушының қатысуынсыз ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Егер отырысқа конкурстық комиссия құрамының кемінде үштен екісі қатысса, оның шешімі заңды деп есептеледі.

41. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттар және өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде кандидаттардың сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

42. Егер қатысушыға комиссия құрамында қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берсе, ол оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

43. Әңгімелесу қорытындылары бойынша конкурстық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ПО-ға қызметке қабылдауға ұсыну;

2) одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін қызметке кандидаттарды ведомстволық деректер банкіне тіркеуге ұсыну;

3) қызметке қабылдаудан бас тарту.

44. Конкурстық комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды. Талқылау барысы техникалық жазу құралдарының көмегімен тіркеледі.

45. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған, сондай-ақ одан әрі тиісті бос лауазымдарға орналастыру үшін ведомстволық деректер банкіне

тіркелген ПО-ға қызметке кандидаттардың тізімдері тиісті ПО-ның ақпараттық стендтерінде, сондай-ақ оның интернет-ресурсына конкурс өткізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырылады.

46. Конкурстық комиссияның оған қатысты ПО-ға қызметке қабылдау туралы оң қорытындысы қабылданған қатысушы арнайы тексерістен және тағылымдамадан өтеді.

**Ескерту. 46-тармақ жана редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **8-тарау. Тағылымдама өткізу**

47. ПО-ға қызметке қабылдану кезінде кандидаттарға арналған тағылымдама (бұдан әрі – тағылымдама) тиісті лауазымдар бойынша тағылымдамашы болып қабылданған адамдар үшін белгіленеді.

48. ПО-ға қызметке кандидатты бастапқы оқудан өткенге дейін тиісті лауазымға тағылымдамашы ретінде тағайындау және оған тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тағылымдама жетекшісін бекіту туралы ПО басшысының шешімі бұйрықпен ресімделеді.

49. Тағылымдамадан өту кезеңінде тағылымдамашымен еңбек келісімшарты жасалады.

Тағылымдаманың ұзақтығы кандидат тиісті лауазым бойынша тағылымдамашы болып тағайындалған күннен бастап бір айдан кем болмауы тиіс.

50. ПО-ға қызметке кандидаттарға тағылымдамадан өту уақытында еңбек келісімшартына сәйкес штаттық кестеде атқарып отырған лауазымы бойынша көзделген лауазымдық жалақы төленеді, сондай-ақ арнаулы атақтары жоқ тиісті қызметкерлер санаты үшін белгіленген басқа да төлемдер жүргізіледі.

51. Бір тағылымдама жетекшісінен екеуден артық емес тағылымдамашы бір уақытта тағылымдамадан өте алады.

52. Тағылымдамашы лауазым бойынша негізгі міндеттерді және тапсырмаларды орындаумен қатар қызмет орны бойынша тікелей бастығының басшылығымен тағылымдамадан өтеді.

53. Тағылымдама жеке сипатқа ие және:

- 1) дербес теориялық даярлықты;
- 2) кәсіби және ұйымдастырушылық дағдыларды игеруді;
- 3) қызметтік жұмысты ұйымдастыруды зерделеуді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін зерделеуді және оларды практикалық қызметте пайдалануды;
- 5) нормативтік құқықтық актілердің және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуды көздейді.

54. Тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру кандидат лауазым бойынша тағылымдамашы ретінде қызметке тағайындалған ПО-ның қызметтері мен бөліністерінің басшыларына жүктеледі.

ПО-ның қызметтері мен бөліністерінің басшылары:

1) тағылымдама уақытын (кезеңін), орнын, тағылымдамадан өтушілердің санын, тағылымдама жетекшілерін айқындайды;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдаманың жеке жоспарын және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдама кезеңінде атқарылған жұмыс туралы есепті бекітеді;

3) тағылымдама жетекшілерінің және тағылымдамадан өтетін кандидаттардың жұмысын бақылайды;

4) зерделенетін мәселелер бойынша тағылымдамашылармен әңгімелесулер өткізеді.

55. Тағылымдама жетекшісі:

1) тағылымдаманың жеке жоспарын әзірлейді және оны тағылымдаманы ұйымдастыру жүктелген лауазымды адам бекітеді;

2) тағылымдамашыны лауазымдық нұсқаулықтармен, ПО жұмысының ұйымдастырылуымен таныстырады;

3) тағылымдама жоспарында көзделген мәселелерді зерделеуде қажетті әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) тағылымдама барысын және тағылымдаманың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

56. Тағылымдамадан өту кезінде қызметке кандидат:

1) тағылымдама өтетін қызметтің және жалпы ПО-ның қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық және өзге де актілердің талаптарымен танысады;

2) тағылымдамадан өту орнында өткізілетін кәсіби даярлық бойынша сабақтарға және басқа да іс-шараларға қатысады;

3) атқарылған жұмыстың есебін жүргізеді;

4) тағылымдама кезеңінде атқарылған жұмыс туралы есеп жасайды.

Тағылымдамадан өтуді куәландыратын құжаттар тағылымдаманың жеке жоспары және оның қорытындылары бойынша есеп болып табылады, олар тағылымдамашының жеке ісіне тігіледі.

57. Тағылымдамашымен еңбек қатынастары тағылымдама аяқталғанға дейін еңбек заңнамасында көзделген тәртіпте және негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

58. Тағылымдама аяқталғаннан кейін тағылымдамашы тағылымдамадан өткен ПО құрылымдық бөлінісінің бастығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 998 бұйрығымен (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12679 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің кәсіби құзыреттерін, негізгі көрсеткіштерін және бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің есебін айқындау қағидалары мен әдістеріне сәйкес нысан бойынша кәсіби құзыреттердің үлгі моделі негізінде кандидаттардың ІІО-ға қызметке кәсіби құзыреттілігінің деңгейін бағалауды жүзеге асырады.

Тағылымдамашының кәсіби құзыреттілігінің жоғары және орта деңгейі кезінде ІІО-ның басшысы Іріктеу қағидасына сәйкес нысан бойынша қорытынды бекітеді, ол үш ай сынақ мерзімімен лауазымға тағайындау туралы бұйрықты шығаруға негіз болып табылады

Тағылымдама қорытындысы бойынша кәсіби құзыреттілігі төмен деңгейде болған жағдайда тағылымдамашымен еңбек шарты еңбек заңнамасына сәйкес бұзылады.

Тағылымдамашымен еңбек шарты бұзылады және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төленеді.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**59. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**60. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 257 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

61. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін кандидат әскери-дәрігерлік комиссияда медициналық куәландырудан қайта өтусіз алғашқы арнаулы атағын беруге ұсынылады.

62. Сынақ мерзімінен өтпеген адамдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан шығарылады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер  
органдарына қызметке орналасу  
кезінде конкурс пен тағылымдама  
өткізу қағидаларына  
1-қосымша

нысан

\_\_\_\_\_ бастығы  
(ішкі істер органының атауы,

\_\_\_\_\_ атағы, тегі, аты, (әкесінің аты болған  
кезде)

**Өтініш**

Мені \_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

бос лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында бос лауазымға орналасу конкурсын өткізу шарттарымен және тәртібімен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Маған ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығы үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, (әкесінің аты болған кезде), қолы)

20\_\_\_\_жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы ішкі істер  
органдарына қызметке орналасу  
кезінде конкурс пен тағылымдама  
өткізу қағидаларына  
2-қосымша

нысан

## САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

1. Тегі (егер өзгертсеңіз, бұрынғыны көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

—

Әкесінің аты (болған кезде) \_\_\_\_\_

2. Азаматтығы \_\_\_\_\_

—

Егер өзгертсеңіз, онда қашан екенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

3. Сіз сотталдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

4. Шет елдегі оқуы немесе жұмысы \_\_\_\_\_

Болған елі \_\_\_\_\_

—

Болған уақыты \_\_\_\_\_

—

Жұмыс істеген немесе оқу орны \_\_\_\_\_

—

